

## Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 25 қаңтардағы N 8-ө өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 3 наурыздағы N 45-ө Өкімі

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы туралы баяндаманың жобасын және Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауының жобасына ұсыныстарды дайындау жөніндегі жұмыс тобы туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 25 қаңтардағы N 8-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

### 1 - т а р м а қ т а :

жоғарыда көрсетілген өкіммен құрылған жұмыс тобының құрамына мыналар енгізілсін:

Құсайынов - Қазақстан Республикасының Экономика  
Марат Әпсеметұлы және бюджеттік жоспарлау вице-  
министрі, хатшы

Бабақұмаров - Қазақстан Республикасының Мәдениет,  
Ержан Жалбақұлы ақпарат және спорт вице-министрі

Шпекбаев - Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
Алик Жатқамбайұлы вице-министрі

Ақшолақов - Қазақстан Республикасының Энергетика  
Болат Оралұлы және минералдық ресурстар вице-  
министрі

Елемесов - Қазақстан Республикасының Қаржы  
Асқар Раушанұлы вице-министрі

Есекеев - Қазақстан Республикасы  
Куанышбек Бақытбекұлы Ақпараттандыру және байланыс  
агенттігі төрағасының орынбасары;

"Ақанов - Қазақстан Республикасының Денсаулық  
Айқан Ақанұлы сақтау бірінші вице-министрі"  
деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақанов - Қазақстан Республикасының  
Айқан Ақанұлы Денсаулық сақтау вице-министрі"

жұмыс тобының құрамынан Әйтекенов Қайрат Медібайұлы, Байжанов Ерлан Сапарұлы, Курбатов Владимир Николаевич, Қиынов Ләззат Кетебайұлы, Өзбеков Ғани Нұрмұханбетұлы, Жұмағалиев Асқар Қуанышұлы шығарылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына мыналардың:

2006 жылғы 15 наурызға қарай Мемлекет басшысының 2006 жылғы 1 наурыздағы "Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарының (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) және Жалпыұлттық жоспардың іс-шараларын орындаудың желілік кестесінің;

2006 жылғы 20 наурызға қарай Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасының жобаларын белгіленген тәртіппен енгізсін".

*Премьер-Министр*